

СУ БОЯУДЫҢ ТАРИХЫ МЕН ҚОЛДАНУ ТӘСІЛІ

М.Қайдаров –

живопись кафедрасының аға оқытушысы

Бүгінгі таңда суретшіге керек бояулардың сапасы шарықтау шыңына жетті, әйтсе де біз оларды қолдану тәсілі мен ерекшелігін толыққанды білеміз бе? Осы олқылықтарды толықтыру үшін Петербург суретшілер академиясының профессоры Д.И.Кипликтің «Живопись техникасы» атты еңбегі мен Ю.И. Гренбергтің ғылыми еңбектеріне сүйене отырып, су бояуын оқушыға таныстыруды жөн деп санаймын. Басқа да бояулардың тарихындай су бояуының (акварель) тарихы ертеден басталады. Оны ежелгі Мысырлықтардың иероглифтері мен папируспен замандас, сондай ақ қытайлық қағаз бен тушь та сол уақыттардан бастау алған. Византия өнерінде су бояуымен (акварель) шіркеу кітаптарын әшекейлеу үшін, ондағы оюды тақырыптың бас әріптерін және де кітап ішіндегі миниатюраларды бояуға қолданған. Ал кейін келе живописьте шағын фигураларға қолданса, сонымен қатар тақтайға подмалевка (астар жағу) жасаған және де қарындашпен салынған суреттерді бояуға қолданған. Орта ғасырдың миниатюраларына жататын шығармалардың арасында (бізге жеткен) живописьтің су бояумен жасаған түпнұсқалары сақталған. Олардың ішінде Альбрехт Дюрердің шығармаларын көруге болады.

Қайта өрлеу дәуіріндегі қыл қалам шеберлері су бояуын өздерінің кенепке, қабырғаға жазған шығармаларының нобайын жасауға қолданған. Сол кезде жасалған суретшілердің көптеген нобайлары, картондары мен (рисуноктары) суреттері мөлдір су бояуымен боялған. Мысалы Рафаэль, Рубенстердің суреттерінен (рисуноктары), және де Фламандық, Голландық суретшілер Ван Остад, П.Брюл, Рюисдал, француз суретшілері Лебрен, Лессюер, Миньяр және басқа да суретшілердің шығармаларынан көруге болады. Шындығында XVII ғасырға дейін су бояуына аса мән берілмеді, бар болғаны өнерде көмекші құрал ретінде қолданып келді.

Алғаш Англияда XVII ғасырдан бастап су бояуы (акварель) живописьтің өз бетінше бөлек түріне айналды. Кейін XIX ғасырдың басында Батыс Еуропаның елдерінде өзінше өнерге айналып, кеңінен қолданыла бастады. Ал Ресейде 1680 жылдары суретшілердің «Су бояудың суретшілерінің ұйымы» алғаш құрылды. Өмірге келуі мен қалыптасуы жолында су бояуы көптеген өзгерістерге түсті. Мысалы, орындалуы мен құрамы жағынан және де жасалуы қарапайым түрде ерте заманнан бүгінге дейін жалғасын тауып келді. Қазіргі таңда су бояуы мен гуашьтың кейбір түрлері оңайлықпен араласпайды. Су бояуы өзінің ғасырлар бойғы даму сатысында қолдану, жазу түрлерін жетілдіріп, даму үстінде болды. Сонау XVII ғасырда Англияда жолға қойылғаннан бері суретшілердің тәжірибе жасауының арқасында бүгінгі таңда су бояуымен этюд, нобай, ұзақ мерзімді шығармалар жазуға қол жеткізілді. Мысалы майлы бояумен жазылатын

үлкен өлшемдегі шығармалардың нобайын алдымен су бояуымен жасап алған ыңғайлы. Сонымен қатар табиғатта этюд жазуға, шеберханада портрет, натюрморт, шығармашылық туындыларды жазуға аса қолайлы. Живопись жазудағы бояулардың ішінде су бояуын кірпияз бояу деп те атайды. Өйткені су бояуымен жазу барысында төмендегі тәсілді қолданбаса жақсы нәтижеге жету мүмкін емес. Біріншіден су бояуымен арнаулы қағазға (торшун- су бояуға арналған қағаз) жазады. Екіншіден су бояумен жазу барысында ақ бояудың орнына ақ қағазды қолдана отырып, бояудың мөлдірлігін сақтау. Су бояумен жазудың мәнісі де осында. Неғұрлым таза да, мөлдірлігін сақтай алсаң- су бояудың техникасын игергенің. Әйтпесе оны бүлдіру оңай, ал жөндеу мүмкін емес. Егер суретші жауапты жұмысты арнаулы қағазға жазғысы келсе, алдымен планшетке тартылған арнаулы қағаздың өлшеміндей жұқа қағазға алдын ала қарындашпен жазылатын шығарманың нобайын дайындап алған жөн. Бұл тәсілді, дайындықты суретшілердің тілінде «картон» деп айтады. Дайын болған картонды планшетте тартулы тұрған «торшун » қағаздың бетіне сурет салынған жағын өзіне қаратып бекітеді. Осы жерде картондағы суретті үшкір затпен немесе қатты қарындашпен басқанда астындағы ақ қағазға дәл түсуі үшін екеуінің арасына көшіруге арналған қара қағазды салу керек. Сонда ғана картондағы суреттің көрінісі планшетте тартулы тұрған арнаулы қағазға айна катесіз дәл түседі. Егер көшіруге арналған қағаз болмаған жағдайда дайындалған картонның арт жағын ең жұмсақ қара қарындашпен (көмір арнаулы отқа жағып, дайындалатын ағаштың күйген түрі) түгел бояп, беттестіріп, үстінен баптырып шықса жақсы түседі. Бұл тәсілді майлы бояумен кенепке жазылатын живопиське де қолданады. Бұрын білмейтін суретші су бояуына бұл тәсілдің не керегі бар деп ойлауы мүмкін. Одан да бірден қарындашпен суретін сала салғаным дұрыс деп кіріскеніңмен, жіберген кателеріңді өшіруге, қайта түзетуге тура келеді. Ал оның бәрі арнаулы қағаздың бетін жарақаттайды. Беті бүлінген қағазға су бояуымен мөлдір живопись жазу мүмкін емес. Сондықтан барлық жұмысты картонда аяқтап алған дұрыс. Және бір мән беретіні- су бояуымен жұмыс істегенде бояуын тонына (рен) қарай дәл жақпасаң, қайта өшіру, дұрыстау мүмкін емес. Егер гуашь, майлы бояу, темпера, акрильмен жазғанда қате жіберсең- үстінен дұрыстауға болады. Ал, су бояуы болса қағазға сінеді де, жөндеуге келмейді. Су бояуымен жұмыс істеудің осыншама қиындықтарын ескере отырып, жоғарыда айтылған ережелерді мұқият орындауға тура келеді. Онсыз ұзақ мерзімді, мөлдір таза живопись жазу қиынға түседі. Сондықтан ескі қылқалам шеберлері су бояуды кірпияз материал, ол сені ұқыптылыққа тәрбиелейді дейді. Ұзақ мерзімді живопись жазудың осы тәсілінен басқа да су бояудың этюд жазуға арналған екі тәсілі бар. Біріншісі, арнаулы қағазға жазатын бейнені қаламмен (картонның бұл жерде керегі жоқ) бірден сызып алғаннан кейін, таза сумен қағаздың бетін түгел ең үлкен қылқаламмен сулап алып, сулы қағаз кебем дегенше тез жазып үлгеру керек. Бұл тәсіл сулы қағазға жазу деп аталады. Мұндай тәсілмен табиғаттың жаңбыр жауып тұрған көрінісін, немесе

жаңбырға дейін, жаңбырдан кейінгі көрінісін нанымды көрсетуге өте жақсы. Екінші түрі құрғақ қағазға жазу тәсілі. Бұл тәсілмен қарындашпен мұқият жасалған суреттен кейін, су бояудың әр қабатын кептіре отырып, әр затты анықтап жазуға болады. Осы тәсілді құрғақтай жазу деп атайды. Құрғақ қағазға жазу тәсілімен этюдті үш рет бір уақытта жалғастыра отырып, аяқтап жазуға болады. Әрине кімнің қанша уақытта жазуы әр суретшінің жиған шеберлігі мен біліміне байланысты. Ал суретші үшін шеберлік пен білім музыка аспабында ойнаған музыкант сияқты күнделікті этюд жазуы арқылы келеді. Ал бізде, өкінішке орай, әлі күнге дейін суретшісі де, көрермені де көзімен көрген бейнені құр көшіру мен жазудың айырмашылығын толық түсінбейді ме деймін. Осы екеуінің айырмашылығына тоқтап, түсіндіре кетейік. Біріншіден, көшіріп салу дегеніміз суретшінің көз алдындағы бейнені толық түсінбей немесе ой елегінен өткізбей, сезімсіз салуды - көшіре салу дейміз. Ал, жазу дегеніміз - суретшінің көз алдындағы бейнені, өмір бойғы жинаған білімін толық қолдана отырып, ой елегінен өткізіп, сезіну арқылы бейнеден өзіне керегін алатын, аса талғампаз суретшінің бейнелегенін суретшінің жазуы деуге болады. Шынайы жазу тәсілін игеру үшін суретшіге өзін қоршаған ортаны танып білуден, сезінуден артық білім болмайды. Ол үшін суретшінің табиғатпен етене араласуы, күнде этюд, нобай жасағаны дұрыс. Суретшінің біліміне табиғаттағы сансыз бояуларды ажырата білуі мен өзін қоршаған ортадағы әр заттың түр түсін, тонын, өлшемін, жаратылысын, анатомиясын жаттау болып табылады. Сол кезде пианинодағы ойнап отырған музыкант сияқты пернелерді қарамай ақ, саусақтары қалай дәл тауып, әуен құшағында отырса, суретшінің қолы да көзбен көргенін санада қорытып, жүрегінен өткізіп, сезіміне қолын бағындырады. Бейне бір үлкен оркестрді басқарып тұрған дирижерге айналады. Ол дегеніміз көру, сезіну, жазу мәдениеті. Өткен ғасырдың екінші жартысында Францияда жас суретшілердің өнер тарихында алғаш рет шеберханадан шығып, ашық аспан астында этюд жазуынан бастап қалыптасқан «Плэнер» соның айғағы. 1886 жылы туылып, 1956 жылы дүниеден өткен ұлы орыс суретшісі Р.Р.Фальк өзінің күнделігінде: «Даладан этюд жазып келгеннен кейін, шеберханада живопись жазғанда көзің қуанады», - дейді. Немесе француз халқының ұлы суретшісі Энгр Жан Огюст Доминик өзінің күнделігінде живописьтегі бояуды былай суреттейді: «Бояу живописьті әрлендіреді. Бояу жұмақ. Ғажап әлем. Бейне бір хан сарайындағы ханша секілді. Өнердің шынайы туындысындай өзіне тарта түседі. Және әдемі көрінуге тырысады.», - дейді. Тағы да осы жерде ойымыздың дұрыс екендігін анықтау үшін 1841 жылы 6 қазанда Самарқанда дүниеге келген ұлы суретші Сергей Иванович Калмыковтың күнделігіндегі ойларын еске алып көрелік: «Жоқ! Жұрт көре білуді, түсіне білуді үйренгені жөн». «Әрбір бояу өзгеше ырғақ... Ең әсем сан алуан ырғақтарды бізге кескіндеме ғана береді /1, 71- бет/. «Бірде бір дүние, бірде бір зат бізден басталмайды, бізбен аяқталмайды. Олардың бәрі бізден жырақта басталып, бізден алыста аяқталады. Бәрі байланысты, басы менен аяғы бар. Менің ойлағаным өте ұзақ, жазықтық пен уақыт өлшемімен өте

ұзаққа созылады.» /1, 45 б./ немесе «Қарапайым дүниелердің жарасымындағы әрбір тосын жайдан асқақ ләззат алу керек! Бұл өнердің ұлы болашағына барар жолда техниканы толық игерудің тәсілі!» деген ойлары кез келген оқырманды бейжай қалдырмайды. Негізі суретшіге бір нәтижеге жету үшін өмір бойы эксперимент жасаумен айналысқан жөн.

1. Киплик Д.И. *Техника живописи.* -М.: Искусство, 1950.- 502с.

2. Бучинская В.С. *Сергей Калмыков.* - Алматы: Өнер, 1991.-161с.

Резюме

Автор раскрывает основные методы работы акварелью, ее технологию и технику. Приводит интересные данные из творческих поисков великих акварелистов прошлого.

Summary

The author opens the basic methods of work with a water colour, its technology and technique. Cites the interesting data from creative searches of great aquarellists of the past.

КРУЖКИ КАК ЭФФЕКТИВНОЕ СРЕДСТВО РАЗВИТИЯ ОБРАЗНОГО МЫШЛЕНИЯ ШКОЛЬНИКОВ

О.Донченко -

*магистрант Института магистратуры и докторантуры PhD
КазНПУ им. Абая*

Одной из первостепенных задач школы является формирование высоких этических и эстетических потребностей школьников, а так же воспитание чувства национального достоинства, патриотизма, интернационализма, что возможно посредством обучения учащихся образному языку изобразительного искусства, основанного на изучении национальной художественной культуры, обычаев и традиций. «Занятия изобразительным искусством - важное средство развития личности школьника. Они способствуют расширению круга интересов, воспитанию эстетических потребностей детей, развитию их мышления, творческого воображения, памяти, художественных способностей, эмоционально-эстетического отношения к действительности. На уроках изобразительного искусства формируются такие свойства личности, как настойчивость, целенаправленность, аккуратность, трудолюбие. В процессе изобразительной деятельности учащиеся усваивают целый ряд графических и живописных умений и навыков, учатся анализировать предметы и явления окружающего мира» /1,30/. Таким образом, учебный рисунок служит эффективным средством познания действительности и одновременно помогает развитию и формированию зрительных восприятий, чувственных представлений,